

Түркістан облысы деңсаулық сақтау басқармасының «Жансая»  
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның 3 тоқсандағы  
жиналышының  
**ХАТТАМАСЫ**  
**№\_3\_**

Кентау қаласы

12.08.2024жыл

Төрағасы: Ж.Жұрұмбаева – басшысы

Қатысушылар: Кәсіпорынның персоналы. (*Дәрігерлер, өзге де қызметкерлер*)

Хатшы: Қ.Уытов - МСА есепшісі.

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы); «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұлгілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы); сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау», мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

**Төрағалық етуші орталық басшысы Ж.Жұрұмбаева** жиналышты ашиқ деп жарияладап, 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұлгілік ереже» №112 бұйрығының талаптарын тізбектеп, қысқашы талқылау жасап, түсіндіріп етті.

Содан соң басшының орынбасары **М.П.Байжұматова** түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыйбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыйбайлас жемқорлықты азайтуды қамтамасыз етуді мәлімдеді.

Және орталықта келуші пациенттермен және олардың ата-аналарына мейіріммен карауды. Құзыретіндегі барлық көмекті сый-сияпат алуға бағытсыз, іскерлік қарым қатынаста болуды ескертті.

**МСА есепшісі (комплаенс офицері) – Қ.Уитов**

Жаңа Қазақстанда – жаңа идяларымен яғни, жаңаша ойлау, пайдакунемдік ойлардан аулақ болуды хабарлады. 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабында кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

- 1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бакылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін үйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- 2) адаптацияның қабылдау жағдайларын сактау;
- 3) мұдделер қақтығыстарын болғызбау;
- 4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сактау;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де үйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайтынын толыққанды түрде мысал келтіре отырып, акпарат берді.

Жиналыс сонында сыбайлас жемқорлыққа қатысты қызметкерлер, врачтар тарапынан әр түрлі сауалдар жолданы. Барлық мәселелер жаңажакты зерделеніп, талқыланып, кәсіпорын қызметкерлері тарапынан койылған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Ж.Жұрұмбаева жиналысты қорытындылады.

**Жиналыс төрағасы:**

**Ж.Жұрұмбаева**

**Хатшы:**

**Қ.Уитов**